



Тағылымды іс-шара

Жәңгір хан университетінде «Тәуелсіздік – халқымыздың ең басты құндылығы» атты дөңгелек үстел өтті.

Білім ордасының профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер қатысқан шарада алдымен сөз алған университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов ҚР Тәуелсіздік күнінің маңызын атап өтіп, жастарды баршаға ортақ құндылығымызды қастерлеуге шақырды. Гуманитарлық, спорттық және әскери дайындық

факультеті оқытушылары ұйымдастырған дөңгелек үстел барысында «Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы сыртқы саясаты», «Асан қайғы – ел егемендігінің ұйытқысы», «Тәуелсіздік бастауы – Желтоқсан», «Алаш идеясы және Тәуелсіздік: сабақтастығы мен тағылымы», «Тәуелсіз елдің болашағы – жастар» тақырыбында баяндамалар оқылды. Гуманитарлық, спорттық және әскери дайындық факультетінің студенттері Саят Тарғын мен Нұржігіт Гиссатдин тәуелсіздік туралы өлеңдер оқыды.



Ученый с большой буквой

Исполнилось 75 лет со дня рождения доктора сельскохозяйственных наук, академика КазНАЕН, НААН РК профессора Западно-Казахстанский аграрно-технический университета Балуаша Трансова.

Балуаш Бакиевич родился 25 декабря 1950 года в селе Каменное Первомайского района Оренбургской области в семье рабочего. В 1968 году окончил среднюю школу; 1969-1971 гг. проходил срочную службу в рядах Советской Армии; с декабря 1971 по 1977 год слушатель подготовительного отделения, затем студент зооинженерного факультета Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института. В 1977 году окончил зооинженерный факультет Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института, полностью посвятил себя научно-педагогической деятельности. В 1984 году окончил аспирантуру Казахского НИТИ овцеводства, в 1985 году защитил кандидатскую диссертацию, в 1994 году докторскую, в 1998 году присвоено ученое звание профессора по специальности «зоотехния».

Начиная с 1996 года по 2012 год, 17 лет работал проректором по научной работе и международным связям Зап.Каз. СХИ, ЗКГУ, ЗКАТУ имени Жангир хана, с 2012 по март 2018 года директор департамента животноводства университета Жангир хана, с апреля 2018 года по август 2024 года – профессор высшей школы «Животноводство и биоресурсы». С сентября 2024 года по настоящее время – эксперт аналитик департамента науки и коммерциализации технологий Западно-Казахстанского аграрно-технического университета.

Траисов Б.Б. внес весомый вклад в развитие сельскохозяйственной науки Республики Казахстан, автор акжайкской мясо-шерстной породы овец с кроссбредной шерстью, внутривидового заводского мясного типа и трех заводских линий овец. По результатам научно-исследовательской работы им получено 9 патентов, 3 свидетельства на базу данных, опубликовано более 490 научных работ, включая труды в зарубежных базах данных Web of Science, Scopus, eLibrary.ru., изданы 7



монографий, 7 учебных пособий, ряд рекомендаций для специалистов аграрного сектора. За этот период выпускниками института: Н.М.Губашевым, Ф.Б.Закировой, А.Б.Ахметалиевой, И.Ж.Шукуровым и др. были успешно защищены кандидатские диссертации, на сегодняшний день они работают в университете.

Ученый проводит большую научную, педагогическую работу, является научным консультантом по НТП МСХ РК BR22885692 «Разработка современных селекционно-технологических и молекулярно-генетических методов совершенствования, сохранения и рационального использования генетических ресурсов овец разных направлений продуктивности», активно участвует в экспертизе учебно-методических и научных работ докторантов и магистрантов, оказывает большую методическую и практическую помощь руководителям и специалистам сельскохозяйственных предприятий. Создал научную школу, под его руководством защищены 4 докторские (в том числе 3 доктора сельскохозяйственных наук и 1 биологических наук), 7 кандидатские, 2 PhD, 24 магистерские диссертации по специальности зоотехния и биотехнология. Ученики профессора Б.Б.Траисова

успешно работают в системе образования высшей школы и науки Казахстана и России.

Профессор является членом НТС МСХ РК, координационного Совета КазНИИЖиК, является членом редакционных советов журналов, рекомендуемых ВАК РК, ВАК РФ «Наука и образование ЗКАТУ им Жангир хана», «Известия ОГАУ» г. Оренбург, «Известия Сам.ГАУ» г. Самара, «Наука и аграрное производство Казахстана» г. Алматы. Ряд лет работал экспертом ВАК РК по сельскохозяйственным специальностям. Являлся руководителем проектов в рамках грантового финансирования научных исследований Комитетом науки и Фонда науки МОН РК и исполнителем проектов программно-целевого финансирования МСХ РК.

Плодотворная деятельность по развитию сельскохозяйственной науки, интеграции науки и высшего образования, международных связей ученых Казахстана со странами ближнего и дальнего зарубежья отмечена Правительственной наградой, медалью «Ерен еңбегі үшін», нагрудным знаком «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі», медалью «Еңбек ардагері», нагрудным знаком «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан»,

медалью «Ветеран группы войск в Германии», медалями Климента Тимирязева, Лискуна РГАУ-МСХА г.Москва, «За полезные обществу научные труды» ОГАУ г.Оренбург, многими почетными грамотами ЦПНТОСХ СССР, МОН РК, МСХ РК, ВАК РК, Академии наук РК, НАНОЦ МСХ РК, Акимата Западно-Казахстанской области, Западно-Казахстанского областного управления сельского хозяйства, Министерства сельского хозяйства Оренбургской области, Почетными грамотами и благодарственными письмами аграрных вузов и НИИ Казахстана и России. Избран академиком КазНАЕН, КазАСХН РК, Международной академии аграрного образования (г. Москва), Почетным профессором ОГАУ г. Оренбург.

Сегодня Балаш Бакиевич активно ведет научную и педагогическую деятельность, участвует в экспертизе учебно-методических работ, оказывает большую методическую и практическую помощь в выполнении докторских и магистерских диссертаций докторантов и магистрантов.

Алия АХМЕТАЛИЕВА,
департамент науки и
коммерциализации технологий
к.с.-х.н., ассоц. профессор



Жемісті, жеңісті болған жыл

Жәңгір хан университетінің ұжымы тағы бір жылды түйіндеді. Осыған орай жыл соңында өткенді ой елегінен өткізіп, жағымды жаңалықтар мен айтулы оқиғаларды, сондай-ақ үздіктерді оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.

Цифрлық экономика және тұрақты даму институты

Үздік тұлға – аға оқытушы
Лунара ДИЯРОВА.

Лунара Бақытжан-қызының жетекшілігімен түрлі білім додаларына қатысқан студенттер университет мәртебесін асқақтатып жүр. А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің аймақтық IT hub «Qostanai Hub» және жетекші агроөнеркәсіптік компаниялармен бірлесе ұйымдастырған республикалық «Qostanai AgroTech Hackathon 2025» хакатонның финалдық кезеңіне қатысқан «Unity» ко-



мандасы (Дәулет Нәсіпқали, Елер Брманов, Арсен Жаньяров) алғыс хатпен марапатталды.

Екатеринбург қаласының Урал мемлекеттік педагогикалық университеті ұйымдастырған элементарлы информатикадан халықаралық олимпиадада бақтарын сынаған «Уральск_3» командасына (Мейрамгүл Кустанова, Виктор Андрюшенко, Сагир Джусупов) арнайы сертификаттар табысталды.

ICPS спорттық бағдарлама-лау олимпиадасының 1/8 финалына қатысып, келесі кезеңге жолдама алған «BitByBit» командасы (Елер Брманов, Сагир Джусупов,

Арыслан Урумбеков) сертификат иеленді.

ҚР Банктер ассоциациясы ұйымдастырған жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, финтех және қаржы секторы үшін цифрлық шешімдер саласындағы студенттік жұмыстар мен зерттеулердің республикалық конкурсының қорытынды кезеңіне қатысқан Сагир Джусупов пен Дамир Мұратқан «Отбасы банк» АҚ-ның 2026 жылға арналған тағылымдамасын жеңіп алды.

Сонымен қатар Л.Диярова эдвайзер қызметін аткарып, білім алушылар арасында тәрбиелік жұмыстарды да жүргізуде.

Ең үздік жас ғалым – доцент м.а.,
PhD Канбибі НУРСАПИНА.

Канбибі Өтешқызы Жәңгір хан университетінде 2009 жылдан бері еңбек етіп келеді. Жас ғалым ғылыми жобаларға белсенді қатысуда, атап айтсақ «Жабайы жануарлар (акбөкендер) популяцияларының ауыл шаруашылығына әсерін және зиянды азайту жолдарын экономикалық бағалау» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасының орындаушысы болып табылады. Сонымен қатар «Qazinnovations»



инновациялық даму ұлттық агенттігі ұйымдастырған бизнес-инкубациялау, стартаптарды акселерациялау және технологияларды коммерцияландыру бойынша конкурста бизнес-инкубаторларды іріктеу арқылы бизнес-инкубациялауды дамытуға атсалысты. Нәтижесінде Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың «West Startup Incubator» бизнес-инкубаторы қаржылық қолдауға ие болып, жоба менеджері тағайындалды. Ғылыми жобаларға және пәндік олимпиадаларға дайындаған студенттері жұлделі орындардан көрініп жүр. Түркия, Қытай елдерінде біліктілігін арттырған ғалым – 35-тен астам еңбектің авторы.

Жылдың белсенді студенті – «Қаржылық аналитика» білім беру бағдарламасының студенті
Томирис ЖУМАЛИЕВА.

Қаламыздағы М. Мәметова атындағы №27 мектеп-лицейдің түлегі, «Алтын белгі» иегері Томирис – кәсіби музыкалық білімі бар, ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген зейінді жас. Бүгінде институттың белсенді студенттерінің көш басында жүретін Т.Жумалиева түрлі байқауларға, қоғамдық және спорттық шараларға қатысып, жақсы жетістіктерімен көзге түсіп жүр.



Ең үздік іс-шара – Дүниежүзілік қайта өңдеу күніне орай өткен «Қайта өңдеу – жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру құралы» атты ауқымды іс-шара.

Басты мақсат – жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы қайта өңдеу саласының рөлін талқылау, мемлекеттік құрылымдар, білім беру мекемелері, бизнес және коммерциялық емес ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды жолға қою, жастарды қайта өңдеу жобаларына тарту бойынша табысты тәжірибелермен бөлісу. Алдымен университет қызметкерлерінің,

БҚО бойынша Экология департаменті мен БҚО табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы мамандарының және қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорын өкілдерінің қатысуымен жиын өтті. Шараның екінші бөлігінде қонақтар «Қалдықтардан – өнерге: тұрақты әлемге арналған идеялар» атты көрме-байқауға қатысушы мек-

теп оқушылары мен БҚАТУ-дың «Өнеркәсіптік экология» білім беру бағдарламасы студенттерінің жұмыстарын тамашалады. Мұнда жастар өздерінің түрлі тұрмыстық қалдықтардан жасалған көлөнер жұмыстары мен бизнес-жобаларын көрсетті.



Құрметті әріптестер!

Цифрлық даму дәуірінде табыстарыңыз экономикалық өсіммен өрлеп, өмірлеріңіз ақпараттық қауіпсіздікпен қорғалғандай тыныш болсын. Блокчейн жүйесіндей сенімді, финтех шешімдердей тиімді, Big Data-дай ауқымды жетістіктер серік болсын. Жасанды интеллект секілді зерек, онлайн платформадай әмбебап, сандық технологиялардай заманауи болыңыздар. Жаңа жылда инновациялық жаңалықтар мен смарт шешімдер мол болсын. Баршаңызға қаржылық тұрақтылық, кәсіби серпін және жеке дамуға толы сәтті жыл тілейміз!



Индустриалды-технологиялық институт

Үздік тұлға – техника ғылымдарының кандидаты, профессор
Марат ОҢАЕВ.

Марат Қайырлыұлының жалпы білім-ғылым саласында тынымсыз еңбектеніп жүргеніне 43 жыл уақыт өтсе, соның 33 жылын жоғары оқу орнындағы жас ұрпақ тәрбиесіне арнады. Ғалым алғаш рет университетте заманауи «Гидромелиорация» білім беру бағдарламасын енгізіп, студенттер қабылдауға жетекшілік етті. Аталған білім беру бағдарламасының материалдық базасын қалыптастырып, ғылыми зерттеулер жүргізу мақсатында «Гидротехника және мелиорация» білім беру орталығын жасақтады. М.Оңаев – Ғылым комитетінің гранттық жобаларының орындаушысы және ҚР Ауыл шаруашылығы



министрлігінің бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру жобаларының жетекшісі болды. Ғалым жетекшілік еткен ғылыми нәтижелер коммерцияландыру жобасы аясында өндіріске сәтті енгізілуде. Сондай-ақ Петропавл қаласында өткен республикалық хакатонға қатысып, тасқын суларды бөгеу жинау бағытында жетістіктерімен бөлісті. Ағымды жылы «Ақ Жайық атырабының көлтабандары» атты монографиясы, халықаралық және республикалық журналдарда ғылыми мақалалары жарық көрді. Биыл Марат Қайырлыұлы «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» ғылыми бағыты бойынша профессор ғылыми атағын иеленді. Сондай-ақ тәжірибелі ғалым-ұстаз – білім берудің инноваторлық бағдарламаларын енгізуші және ауыл шаруашылығы саласындағы практикалық мәселелерді шешуге белсенді қатысушылардың бірі болып табылады.

Ең үздік жас ғалым – аға оқытушы, PhD
Фируза АХМЕТОВА.

Фируза Жантасқызы – жаңашыл ойлау мен терең білімді үйлестіре білетін, болашағынан мол үміт күттіретін жас ғалым. Оның ғылыми жолы таңдаулы біліммен жалғасып, еліміздің жоғары білім беру жүйесіндегі сапалы дайындықты айқын дәлелдейді. Оның ғылыми еңбектері экологиялық және энергетикалық мәселелерді шешуге бағытталған. 2025 жылы «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша инновациялық сипаттағы және экологиялық маңызды «Тозған полимер қалдықтарын отын дистилляттарына термокаталитикалық өңдеу процесі үшін композитті катализаторларды жасау» тақырыбында 2025-2027 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасын жеңіп алды. Жас ғалымның зерттеулері ғылым мен технология арасындағы байланысты қалыптастырады, отандық және халықаралық ғылымда маңызды орын алады. Ізгі ниетті жауапкершілік иесі және іскер ғалым болашақта ғылым мен өндірісті қарқынды дамытуға өз үлесін қосары анық.



Жылдың белсенді студенті – «Құрылыс инженериясы» білім бағдарламасының 2025 жылғы үздік түлегі және мемлекеттік грант негізінде магистратурада оқуды жалғастырып жүрген
Дарья БАЙТЫМОВА.

Дарьяның жетістіктері тек жоғары академиялық нәтижелермен шектелмейді, оның ғылыми әлеуеті, бәсекелестік жетістіктері және ұйымдастырушылық қабілеттері арқылы көрінеді. Ол ғылыми мақала жариялап, сондай-ақ республикалық пәндік олимпиадада «Құрылыс конструкциялары» бойынша 2-орынды иеленсе, Makerspace Residents жобалар байқауында командасының жеңіске жетуіне үлкен үлес қосты. Университеттің бизнес-инкубациялық бағдарламасының Demo Day шарасында да командалық жобамен (А.Искакова, Д.Кузембаевпен бірге) 2-орынға ие болды. Д.Байтымова топтастарымен бірлесіп құрылыстағы BIM-технологияларына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияны ұйымдастырушы болып, студенттер мен тәжірибелі мамандар арасында тәжірибе алмасу ортасын құруға ықпал етті. Оның жетістіктері студенттер үшін талпыну үлгісі болып табылады.



Ең үздік іс-шара – ұлы ғалым, академик Евней Бөкетовтың 100 жылдық мерейтойы аясында химия пәнінен өткен «Болашаққа жол – ғылыммен!» атты ғылыми конкурсы.

Ғылыми конкурс жай ғана пәндік жарыс емес, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтатын, ғылыми мұраны сақтаудың және болашақ ғалымдарды іздестірудің нақты үлгісіне айналды. Бұл академик ғалымды тек тарихи еске алу емес, жастардың ғылымға деген қызығушылығын оятуға, ұлттық ғылыми мектептің даму жолдарын жалғастыруға бағытталған іс-әрекет болды.

«Химиялық инженерия және процестер» білім беру бағдарламасының профессор-оқытушылар құрамы мен магистранттары ұйымдастырған байқауға мектеп оқушылары



да белсене қатысты. Байқау марапатталды, барлық қатысушылар мен олардың паздар арнайы дипломдармен және естелік сыйлықтармен

Жыл жетістіктері

- Геология дәрісхана-мұражайы ашылды.
- Институт тарихында алғаш рет жас ғалымдар Фируза Ахметова мен Еркебұлан Мәжитов «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша бірден екі грантқа ие болды.

- Институт 303 жаңа білім алушыны (263 бакалавр, 38 магистрант, 2 докторант) қабылдады, бұл білім беру бағдарламаларына деген жоғары сұранысты көрсетеді. Сонымен бірге үш оқытушы докторантураға түсіп, біліктіліктерін арттыруда.

Жылдың айтулы жаңалығы

Биылғы оқу жылында ИТИ заманауи талапқа сай «Сәулет» және «Гидромелиорация» білім беру бағдарламаларын ашып, болашағы зор мамандар дайындауды бастады. Нәтижесінде бұл салаларға талапкерлердің де қызығушылығы жоғары болып, «Сәулет» БББ-на – 37, «Гидромелиорация» БББ-на 85 студент оқуға қабылданды. Бұл бағдарламалар өндіріс қажеттіліктеріне жауап беретін, нарықта жоғары сұранысқа ие болашақты кәсіптерді қамтиды. Заманауи қала құрылысы, экологиялық таза технологиялар, су ресурстарын тиімді басқару

– міне, осы салаларға білікті кадрларды даярлау институтымыздың жаңа басымдығына айналды. Профессор-оқытушылар құрамы жаңа білім беру бағдарламалары бойынша біліктіліктерін арттырып, халықаралық тәжірибелермен танысуда. Бұл тек формальды өзгеріс емес, білім сапасын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған жүйелі жұмыс болып табылады. Осылайша, 2025-2026 оқу жылын «Жаңа білім беру бағдарламалары жылы» деп атауға болады, бұл өзгерістердің нәтижелері еліміздің дамуына оң ықпалын тигізеріне сенімдіміз.



Құрметті әріптестер!



Жаңа жыл болашақтың іргетасын қалаушы құрылысшыларымызға тұрақты нысандарды, жерге орналастырушыларымызға дәл есептерді, пайдалы қазбаларды барлаушыларға мол қазынаны және химиктерімізге инновациялық шешімдерді әкелетін сәтті жыл болсын. Жаңа жыл институтымыздың барлық инженерлеріне жаңа биіктерді игеру, тереңдіктерді бағындыру және болашақтың формуласын табу үшін шексіз идеялар әкелсін!

Гуманитарлық, спорттық және әскери дайындық факультеті

Үздік тұлға – факультеттің алғашқы деканы
Қуатбек БАЙДАЛИЕВ.

Биыл асқаралы 60 жасқа толған Қуатбек Әбутәліпұлы – өз өмірін білім мен ғылым саласына арнаған ұлағатты ұстаз, іскер ұйымдастырушы, талапшыл басшы. 2008 жылдан бері Жәңгір хан университетінде абыройлы қызмет атқарып келе жатқан ғалым-ұстаз еліміздің педагогикалық кадрлар даярлау ісіне өзінің зор үлесін қосып келеді. Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мүшесі, «Көркем еңбек» пен «Графика және жобалау» пәндері бойынша ұлттық тренер.



Ең үздік жас ғалым – аға оқытушы, доктор (PhD)
Мақсат ДЖАНГУЖИЕВ.

«Болашақ» халықаралық бағдарламасы арқылы Польша мемлекетінің Бидгощ қаласындағы Экономика университетінде ғылыми тағылымдамадан өткен Мақсат Сүйінгерейұлы – көптеген тағылымды, рухани іс-шараларға модератор болып, іскерлігімен көзге түсіп жүрген жас ғалым.



Жылдың белсенді студенті – студенттік декан
Әдемі МОЛДАНҚЫЗЫ.

«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасында оқитын Әдемі – өз тобының старостасы. Белсенді студенттің бағындырған белестері де аз емес. Ол – қазақ тілі пәнінен облыстық олимпиаданың I және II орын жүлдегері. Спортты да жанына серік еткен бойжеткен – футболдан 2-разряд иегері, спорттың осы түрінен Қазақстан чемпионы, «Жайдарман» ойындарының үздік ойыншысы және I орын иегері, қол күресінен жеңімпаз.



Жыл жетістігі

Осы оқу жылында құрылған факультетімізге биыл төрт білім беру бағдарламасы бойынша 285 студент оқуға қабылданды. Бұл – өткен жылдармен салыстырғанда үш есе артық көрсеткіш. Биыл студент атанған білім алушылардың арасында бір халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жеті ҚР спорт шебері, 45 спорт шеберлігіне үміткер бар.



Құрметті әріптестер!

Сіздерді жаңа 2026 жылмен шын жүректен құттықтаймыз. Жаңа жылда рухани байлық пен ұлттық құндылықтарды насихаттауда, спорттық жеңістер мен әскери шеберлікті жетілдіру жолында жаңа белестерді бағындыра берейік!



Ең үздік іс-шаралар – «Тәуелсіздік – халқымыздың ең басты құндылығы» және «Ұлы дала мұрасы».

Тәуелсіздік мерекесіне орайластырылған «Тәуелсіздік – халқымыздың ең басты құндылығы» тақырыбындағы дөңгелек үстелді факультет оқытушылары өткізді. Білім алушыларды тәуелсіздікті қастерлеуге, өз Отанын сүюге, ұлттық құндылықтарды ұлықтауға шақыру мақсатындағы танымдық шара барысында осы бағытта баяндамалар ұсынылып, патриоттық өлеңдер оқылды. Ал «Ұлы дала мұрасы» атты іс-шараны аға оқытушы, магистр Орынғали Ерниязов өткізді. Сайыс түрінде ұйымдастырылған шараға оқытушылар белсене атсалысты.



Биыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» ретінде көп жағдайда тірлігі елене бермейтін еңбек адамдарына айрықша көңіл бөлінді. Университетімізде де қауіпсіздікке және тазалыққа жауапты қызметкерлер бар. Олардың арасында да көп жылдан бері білім ордасында адал әрі табанды еңбек етіп жүргендер аз емес.

Тұрдыбек АБДИРОВ,
Қауіпсіздік және тәртіп сақтау бөлімінің күзет қызметкері.



Жәңгір хан университетінде жиырма жылдан бері табан аудармастан қызмет атқарып келеді. Қатаң тәртіп пен жоғары жауапкершілікті талап ететін күзет қызметінде мұнша жыл еңбек ету – ерлікпен парапар. Бүгінгі таңда Политехникалық институтындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етіп жүрген Тұрдыбек аға осы ғимараттың өзінде он жылдай еңбек еткен. Тіпті бүгінде институтты бітіріп кеткен түлектердің өзі оның темірдей тәртіп орната білетін күзет қызметкері екенін айтып жүреді.

Дариға БИСЕНОВА,
кіші қызметкер



2003 жылдан бері университеттің тазалығына жауапты кіші қызметкерлердің бірі. Оқу ғимараттарында еңбек ететін мұндай қызметкерлердің жұмысы жауапты болатыны анық. Күнделікті сабаққа ағылатын жастар мен оқытушылар, кей уақытта түрлі жиындарға келіп қатысатын қонақтар – олардың барлығының ғимарат ішіндегі жүретін жолын жуып-тазалау оңай емес. Жауын-шашынды күндерде ғимарат ішіндегі кіші қызметкерлердің жұмысы екі есе қиындайтыны тағы бар. Мінекей, Дариға апа күнде қолына шелегі мен шүберегін ұстап, осындай тынымсыз тірлікті атқарып келеді.

Алмагүл ДЖАУБАТЫРОВА,
кіші қызметкер



Білім ордасында 2009 жылдан бері жұмыс жасайтын Алмагүл апа бастапқы жылдары жатақханада, кейін 2012 жылдан бастап әкімшілік ғимаратта кіші қызметкер болып еңбек еткен. Іргелі оқу орнындағы, үлкен ұжымдағы тазалыққа жауапты еңбек адамдары қандай құрметке де лайықты. Өз міндетін қалтқысыз атқарып, жүктелген жұмысты жауапкершілікпен жасайтын Алмагүл апаға университеттің тыныс-тіршілігі де жақсы таныс. Еңбек – адам өмірінің мәні десек, сол еселі еңбектің көрінісі – қоғамның бір құндылығы.

Ауылыма қызмет етсем деймін

Мен үшін Қазақстан — кең-байтақ дала ғана емес, қаһарман тарихтың, асыл құндылықтардың, мейірімді және еңбекқор халықтың Отаны. Осы киелі елдің әр бұрышы — менің жанымға жақын, әр тасы — жүрегімнің бір бөлшегі.

Біздің елдің тарихы ауыр болғанымен, даңқты сәттерге де толы. Қасым, Абылай, Тәуке хандардың және қаншама арыстарымыздың есімдері — ерлік пен әділеттің үлгісі. Ұлтты сақтау, жерді қорғау — сол заманнан басталған қасиет. Осылайша ұрпақтан-ұрпаққа өткен патриоттық сезім ғасырлар бойы қазақтың рухын көтеріп, айбынын асқақтатып келді. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан — сол бабаларымыз аңсаған күннің көрінісі.

Туған жер — әр адамның бастау бұлағы. Әкемнің, анамның, ата-әжемнің алғашқы қадамдары сол жерден басталған. Ал білім алу — тағдыр жолындағы жауапты қадам. Білімді азамат сондай мүмкіндік берген еліне пайдасын тигізуі тиіс. Сондықтан оқу — Отанға қызмет ету жолындағы маңызды міндеттердің бірі. Мен де қазіргі таңда Жәңгір хан университетінің 2-курсында оқып жүрмін. Болашақта өзім таңдаған ауыл шаруашылық саласының маманы ретінде алтын бесігіміз — ауылға қызмет етсем деймін.

Себебі біздің еліміздің тірегі — ауыл, оның өнімділігі мен технологиялық дамуы — халықтың әл-ауқатының кепілі.

Патриотизмнің мәні — сөзде ғана емес, істе де болуы тиіс. Ол — күнделікті өмірдегі жауапкершілік, адал еңбек, туған тілге, мәдениетке деген құрмет. Біз дәстүрімізді сақтап, заман талабына сай білім алып, еліміздің абыройын әлемдік деңгейде көтеруіміз керек. Тарих бізге бір тағылым үйретті: елдің бірлігі мен ұлттық рухы берік болмаса, ешқандай байлық пен табиғи ресурс елді қорғамайды. Сондықтан жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру — басты міндет. Ел алдындағы ең үлкен парыз — туған жеріңді, халқыңды, елдік мүддені қорғау және дамыту.



Менің арманым — білімді еңбектің биік шыңында қолдану, ауыл шаруашылығын жаңа технологиялармен байыту, жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатын арттыру арқылы өз Отаныма нақты пайда әкелу. Осы оқу орнында берілетін білім мен тәрбие мені елге қызмет етуге, туған жерімнің игілігіне өмірімді арнауға дайындайды. Университет — тек қана білімнің ордасы емес, адамның өмірге деген жауапкершілігін қалыптастыратын мектеп. Менің туған жерім Орал қаласы — тарихтың, мәдениеттің және жүрек жылулығының тоғысқан ордасы. Оралдың кең даласы мен тыныш бұлақтары, көне қорғандар мен тарихи орындары — бәрі де менің рухымды биіктетеді, бойыма табандылық пен намыс дарытады. Мұнда өскен әр жас өзімен бірге дала желінің үні мен ата-бабасының өнегесін алып жүреді.

Сөзімді қорытсам, Отан — адамның бойында ең таза, ең ұлы сезімдерді қалыптастыратын қасиетті ұғым. Ел үшін күрескен бабаларымыздың ерлігін ұмытуға болмайды, Отанымыздың тарихы мен рәміздерін қастерлеу — ортақ борышымыз. Туған жерге деген сүйіспеншілік пен елге қызмет ету — өмірлік ұстаным. Ол адамға рух береді, жүрегің жылытады және болашаққа сенім ұялатады.

Елер БРМАНОВ,
Индустриалды-технологиялық институтының 2-курс студенті

Отан

Отан деген сөзді айтқанда, кеудемде ерекше жылу пайда болады. Бұл — ана сүтінің дәмі, әке қолының қаттылығы, ауылдың шанды жолы, қаладағы ескі үйдің иісі.

Ол — адам өмірінің алғашқы белгісі, жүректің түкпірінде үнсіз сақталып қалған ең қымбат сезім. Отан дауыстап сөйлемейді, ешқашан «мені сүй» демейді, бірақ оның үнсіз дауысы біздің қанымызда, тілімізде, түсімізде өмір сүреді. Мен үшін Отан — картадағы шекара емес, жүректегі шекара. Оны тартып ала алатын күш жоқ, өйткені ол біздің жанымызға жазылған. Отан — балалық шақтың үзік естеліктерін ешкімнен сұрамай-ақ сақтап қалатын құпия қойма. Біз алыста жүрсек те, туған жердің аспанын бір көргенде өзімізге қайта оралғандай боламыз. Өйткені сағыныштың басы да, аяғы да әрдайым Отанға барып тіреледі.

Отанды сүю — оның кемшілігін де сүю. Кейде жолдарымыз ойдым-ойдым, кейде әділетсіздік жанға батады, кейде жас буын «кеткім келеді» дейді. Бірақ шынайы махаббат дәл осындай, сен жақсы көрген мекеніңді мінезімен, кемшілігімен, ауыр сәттерімен қабылдайсың. Отан — анаң сияқты. Жүзі әжімді болса да, жүрегі мәңгі жылы. Менің Отаным — көк туымның астындағы ғаламат кең дала. Ол — қыран құстың қанатындай еркіндік. Ол — Абайдың «толық адам» жайлы арманы. Ол — бабалар жырындағы «жерінді берме» деген өсиет. Ең бастысы, Отаным — менің ішімдегі мәңгілік от. Бұл от менімен бірге жанып, балаларымның жүрегінде жалғаса береді. Отан деген — «мен қазақпын» деген сөзді айтқанда адамның бойын тіктейтін көзге көрінбес күш.



Тогжан МҰХТАРОВА

Ветеринария және агротехнология институтының 2-курс студенті

Сазгерлік өнері бағаланды

Жәңгір хан университетіндегі Жастар бастамасын дамыту орталығының жетекші маманы Қайрат Исимов БҚО бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаменті басшылығының алғыс хатымен марапатталды.



Бұл марапат Қайрат Махсұтұлына Қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері күніне орай жазылған гимннің әнін шығарып, өндегені үшін берілді. Алғыс хатты сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған салтанатты жиында департамент бастығы, әділет полковнигі

Болатбек Ақшауов табыстап, иығына шапан жапты. — Аталған гимннің сөзін жерлесіміз Елдос Шатаев жазды. Мен оған ән шығарып, әуенін өңдедім. Бізге сенім білдірген департамент бастығы Болатбек Ысқақұлы мен Сағындық Серікұлына алғыс білдіремін, — дейді әріптесіміз.

Студенттер үйіндегі ретро-кеш

Біздің №4 студенттер үйінің дәліздерін әдеттегі дабыр емес, өткен ғасырдың әуезі тербеген сол бір ретро-кеш тұрғындардың әлі де есінде шығар.

Мен де есіктен кірген сәттен-ақ 80-90-шы жылдардың жылылығы бойынды еріксіз билейтінін байқадым. Біз, қарапайым студенттер бір сәтке уақыт мәшинесіне отырғандай күй кештік. Газеттер мен безендірілген қабырғалар, баннер ретінде тұрған кілем — бәрі ретро эстетиканы мінсіз жеткізді. Әр қатысушы өз образын сол дәуірге сай дайындап келіпті. Қыздардың толқынды шаштары, сәнді ленталары, жеңіл фатин маталы көйлектері өздеріне жарасып тұр. Ал жігіттердің кең жағалы жейделері мен классикалық костюмдері — өз алдына бір көйылым дерсің. Тіпті студенттер үйінің әкімгері Рада Ғаділқызы апайымыздың да сол заманға сай киініп келгені ерекше тәтті етті.

Концерттік бағдарламаның шымылдығын түрген төртінші қабаттың



тұрғындары ретро атмосферасын алғашқы болып сезіндірді. Олар дайындаған шағын көріністер мен көңілді ойындар барлығын бірден баурап алды. Бұдан әрі әр қабаттың студенттері өз мүмкіндігінше креатив та-

нытып, жарыса өнер көрсетті. Бағдарлама барысында түрлі ойындар ойнатылып, қатысушылардың да, көрермендердің де көңілі көтерілді.

Кеш соңында әр қабатқа «Ең таза

қабат», «Ең позитивный қабат», «Ең тәртіпті қабат», «Ең шулы қабат», «Ең сәнқой қабат», «Инстаграмм және ТикТок жұлдыздары», «Жатақхана жарғанаты» деген жеке номинациялар табысталып, тұрғындары дипломдармен марапатталды. Бұл номинациялар кештің ажарын ашып, студенттердің дайындыққа шын ниетпен кіріскенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Жалпы кеш өте әсерлі, шынайы және жылылыққа толы болды. Шараның жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқан әкімгер Рада апайымызға, ұйымдастырушы студенттік кеңес құрамына және барша студенттерге осындай ұмытылмас кеш сыйлағандары үшін шын жүректен алғыс білдіремін. Мұндай көңілді әрі мәнді шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенемін, себебі бұл біздің студенттік өміріміздің ең жарқын беттерінің біріне айналар анық.

Гүлсезім ЖАНАЙДАРОВА,
Индустриалды-технологиялық институтының 3-курс студенті

Меншік иесі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г қуәлігі берілген.

БҚАТУ
баспасөз хатшысы
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың баспасөз қызметінде теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 594
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Баспасөз қызметінің мекенжайы:

090009, Орал қаласы,
Жәңгір хан көшесі, 51.
Бас ғимарат 231-бөлме
1-42
info_zkatu@mail.ru